

Жарболова А.Ж.¹, Мейірбекова Г.Б.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: Meirbekova67@mail.ru

ЛОББИЗМНІҢ ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІНЕ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҢ ТҰСТАРЫ

Мақала заң шығармашылығының субъективтік факторларының бірі ретінде лоббизмнің заң шығармашылығына тигізетін әсерін саралауға арналған. Заң шығармашылығы саласында лоббизм қандай да бір әлеуметтік топтардың қабылданудағы нормативтік-құқықтық актіге өз мүдделерін енгізу мақсатында заң шығару процесіне әсер ету жөніндегі қызметін білдіреді. Ғылыми зерттеудің мақсаты болып лоббизмнің заң шығармашылығын жүзеге асырудағы рөлін анықтап, оның кәсіби реттелу қажеттігін негіздеу табылады. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы мақалада әлемдік заң шығармашылығы практикасында лоббизмнің жүзеге асырылу әдістері, оның оң және теріс тұстары анықталып, лоббистік қызметті құқықтық реттеудің біртұтас жүйесін жасау қажеттігі мен мақсаты қарастырылған. Практикалық маңыздылығы: мақала мазмұнында баяндалған деректерді, қорытындыларды парламентаризм институтын оқытуда, лоббизм мәселесін зерттеуде пайдалануға болады.

Зерттеу әдістері: талдау, синтез, салыстыру, статистикалық, дедукция (жалпыдан жекеге).

Зерттеу нәтижесінде лобби заң шығармашылығының ажырамас, өте маңызды институты болып табылады, Қазақстанда лоббистік қызметті құқықтық реттеудің өзіндік, тиімді жүйесін жасау үшін озық шетелдік тәжірибені ескере отырып лоббистік қызметтің мақсатын, оның мүмкін болатын әдістері мен нысандарын анықтап алу қажет деген қорытынды жасалды. Заң шығармашылығына қозғау салатын, заңның мәтінінің қалыптасуына және қабылдануына әсер ететін фактор ретінде лоббизм – бұл заң жобаларына қатысты ортақ келісімге келуге қол жеткізетін, ортақ мүддені көтеріп, мемлекет өмірінде демократиялық қағидаларды тереңдету мен кеңейтуге ықпал ететін ықпалды құрал.

Зерттеу құндылығы: мақалада лоббизмнің заң шығармашылығының тиімділігін арттыруға тигізетін әсері, оның пайдалы нәтижелері анықталды.

Жұмыстың қорытындыларының практикалық маңыздылығы: зерттеу тұжырымдарын елімізде жүзеге асырылып жатқан құқықтық реформалардың негізінен алуға болады.

Түйін сөздер: лоббизм, заң шығармашылығы, құқықтық акті, заң жобасы, құқықтық реттеу.

Zharbolova A.Zh.¹, Meirbekova G.B.²

¹Al-Farabi Kazakh national University, Kazakhstan, Almaty

²Abay Kazakh national Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Meirbekova67@mail.ru

The influence of lobbying in the legislative process and its positive aspects

The article is devoted to the study of one of the subjective factors of law – making that affect the process of creating laws – lobbying. In the field of law-making, lobbying means the activity of certain social groups, which consists in influencing the adoption of a normative legal act in order to introduce its own interests into its content. Accordingly, the article reveals the concept and essence of subjective factors, the role of lobbying in the implementation of lawmaking, regulatory features, positive and negative aspects of lobbying.

The purpose of the research is to determine the role of lobbying in the implementation of law-making and the rationale for its legal regulation.

The scientific significance of the work lies in the fact that the article considers the forms of lobbying in the world law-making practice, identifies its positive and negative aspects, the need and the purpose of creating a unified system of legal regulation of lobbying.

The practical significance of the work: the data reflected in the content of the article, as well as the conclusions can be used in the study of the Institute of parliamentarism, in the study of lobbying.

Research methods are analysis, synthesis, comparison, statistical method, deduction.

As a result of the study, the following conclusions are made: the lobby is an integral, especially important institution of lawmaking; to create an effective system of legal regulation of lobbying activities in Kazakhstan, it is necessary to determine its purpose, possible methods and forms of lobbying, taking into account foreign practice.

The value of the study is that the article defines the influence of lobbying on the level of improving the efficiency of lawmaking, as well as its results.

Practical significance of the results: the conclusions of the study can be taken as a basis for legal reforms carried out in the country

Key words: lobbying, lawmaking, legal act, bill, legal regulation.

Жарболова А.Ж.¹, Меирбекова Г.Б.²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: Meirbekova67@mail.ru

Влияние лоббизма на законотворческий процесс и его положительные моменты

Статья посвящена исследованию одного из субъективных факторов законотворчества – лоббизму, который влияет на процесс создания законов. В сфере законотворчества лоббизм означает деятельность определенных социальных групп, заключающуюся во влиянии на принятие нормативного правового акта в целях внедрения в его содержание собственных интересов.

Целью научного исследования является определение роли лоббизма в осуществлении законотворчества и обоснование необходимости его правового регулирования.

Научная значимость работы заключается в том, что в статье рассмотрены формы осуществления лоббизма в мировой законотворческой практике, определены его положительные и негативные моменты, необходимость и цель создания единой системы правового регулирования лоббистской деятельности.

Практическая значимость работы: данные, отраженные в содержании статьи, а также выводы могут быть использованы в изучении института парламентаризма, в исследовании вопросов лоббизма.

Методами исследования являются анализ, синтез, сравнение, статистический метод, дедукция.

В результате исследования сделаны следующие выводы: лобби является неотъемлемым, особо важным институтом законотворчества; для создания в Казахстане эффективной системы правового регулирования лоббистской деятельности надо определить его цель, возможные методы и формы осуществления лоббизма, учитывая зарубежную практику.

Ценностью исследования является то, что в статье определены влияния лоббизма на уровень повышения эффективности законотворчества, а также его результаты.

Практическое значение итогов работы: выводы исследования можно взять за основу правовых реформ, проводимых в стране.

Ключевые слова: лоббизм, законотворчество, правовой акт, законопроект, правовое регулирование.

Кіріспе

Заң шығару қызметі – бұл тиісті тұлғалардың заң актілерін жасауға бағытталған саналы, мақсатқа сай әрекеттері. Бұл шығармашылық қызмет адамдардың қажеттіктері мен мұқтаж-дықтарынан, мақсаттары мен мүдделерінен туындалады. Ал, өз кезегінде адамдардың қажеттіліктері қоғамдағы қатынастармен байла-

нысты. Заң шығару қызметін қоса алғанда жалпы құқық шығармашылық қызмет белгілі бір күштің, жағдайдың әсеріне байланысты болады. Ол күш философияда «фактор» деп аталады. Яғни фактор – бұл белгілі бір істің, құбылыстың себепшісі болатын қозғаушы күш (Ысқақов, 1983:23).

Заң шығармашылығы кез келген әлеуметтік процесс секілді күрделі, көп деңгейлі әлеуметтік

жүйенің қызмет етуі жағдайында жүзеге асырылады. Заң шығарушылардың қызметі көбіне заңи реттеу жүйесін жасау және өзгерту процесіне себепші болатын түрлі әлеуметтік факторлар тарапынан ықпал (әсер) етуге ұшырайды. Бұл табиғи әрі сөзсіз құбылыс. Себебі, қоғамдық қатынастар, әлеуметтік шынайылық заңи реттеуді анықтайтын құқықтық шынайылықтың басты себепкерлері, қозғаушылары болып табылады. Алайда, барлық әлеуметтік факторлар ерекше объективтік сипатқа ие емес. Заң шығару қызметінің қатысушылары қоғамдық өмір мен дамудың негіз салушы заңдылықтары мен мүдделері байқалатын құқықтық сипатқа ие әлеуметтік факторлардың ғана өз қызметіне әсер етуіне жол беруі тиіс.

Теория және практика заң шығармашылығына әсер ететін, оның негізі болатын екі факторды белгілейді: объективтік және субъективтік. Объективтік фактор субъективтік факторға қарағанда негізгі болып табылады. Себебі, ол тарихи процесіте уақыты бойынша алғашқы, мағынасы бойынша анықтаушы. Субъективтік фактордың дамуы ақыр соңында объективтік жағдайлармен анықталады. Алайда, объективтік факторлардың рөлін көрсететін мұндай көзқарас субъективтік факторларды негізгі емес, туынды, қосымша болып табылады деген қорытынды жасауға себеп болмайды. Өйткені, объективтік жағдайлармен анықталатын субъективтік факторлар өз кезегінде тиісінше объективтік негіздерді дамытып немесе өзгертіп отырады. Демек, бұл екі категория өзара байланысты, бірыңғай және тарихи дамудың екі жағы болып табылады.

Заң шығармашылығына әсер ететін факторлардың ерекше құқықтық сипатын олардың объективтілігі, табиғилығы, әлеуметтік механизмнің қызмет ету заңдылықтарына ғана негізделетіндігі анықтайды. Мұндай факторлар қоғамдық өмір мен дамудың негіз қалаушы мүдделерін ғана білдіруі тиіс және таза субъективтік факторлардан, атап айтқанда нақты тұлғалардың ерік-қалауынан, олардың өзіндік жеке мүдделерін өздігінше түсінуінен, рухани қасиеттерінен, ұлттық менталитеті мен өзге де жеке тұлғалық сипаттарынан тыс, еркін болуы керек. Д.В. Чухвичевтің айтуынша олай болмаған жағдайда заң шығару процесі жеке кездейсоқ мүдделер мен шағын әлеуметтік топтардың қалау-мүдделерін, әлеуметтік қажеттіктерді қате түсінуді, саясаткерлердің амбицияларын, интригаларын – лас істерді, заң шығармашылығына ықпал етуіне жол беруге болмайтын өзге де

жағдайларды заң шегіне кіргізу жолына айналып кетуі мүмкін (Чухвичев, 2012: 183).

Заң шығармашылығына әсер ететін субъективтік факторлардың бірі ретінде лоббизмге көшпес бұрын, алдымен субъективтік фактор категориясының түсінігін анықтап алу қажет. Бұл ретте субъективтік факторлар заң ғылымымен емес, философиялық ғылыммен кең зерттелгендіктен тиісті терминді түсіндіруді, ашуды философия ғылымымен байланыста қарауды жөн деп таптық. Тиісінше философия ғылымында «субъективтік фактор» категориясы кең зерттелгендіктен, оның ұғымын, мәнін ашатын түсінік, ой-пікірлер де мол. Ғалымдардың бір тобы субъективтік фактор деп субъектілердің өздерін есептейді. Мысалға, И.Е. Зуев субъективтік факторды «... материалдық өндірісте өз өмірінің мақсатын білдіретін объективтік процесі жүзеге асыратын және осы процесс негізінде әлеуметтік-саяси және рухани қызметті жүзеге асыратын адам» деп түсіндіреді (Зуев, 1966: 113). Бұл топтағы ғалым М.Д. Камари да субъективтік факторды тарихты жасайтын адамдардың, топтардың, бұқара халық пен партиялардың өздері ретінде анықтайды (Камари, 1956: 16). Бұл көзқарастар дұрыс емес. Себебі, субъективтік фактор – бұл аталған авторлар жазғандай адам, топ, бұқара т.б. емес, ол субъектінің санасы мен еркіне байланысты болатын күш, нақты субъектілердің шығармашылық энергиясы, белгілі бір субъективтік жағдайлар шегіндегі әрекеті.

Авторлардың келесі бір тобы субъективтік факторларды адамдардың еркі мен эмоциясына, психологиялық жағдайларына саяды. «Субъективтік фактор деп біз адамдардың, топтардың, халықтардың қызметінің интеллектуальдық-эмоциональдық, моральдық-психикалық және саяси-ұйымдық саласын ұғынамыз. Ол – адамдардың саналы қызметінің, күресі мен қайраттылығының еркі мен эмоциясының аясы. Адамдардың қызметі... белгілі бір мақсаттармен, идея, көзқарастармен, моральдық және өзге де әсерленушіліктермен және бағалармен шамаланған», – деп жазады Б.А. Чагин (Чагин, 1968: 14). Бұл түсінік алдыңғыға және кейініректе қаралатындарға қарағанда біршама толық және сәтті. А.В. Бодаков та субъективтік факторларды адамдардың саналы, психологиялық жағдайларына теңей отырып, оны ақыр соңында үстем тап мүддесіне байланыстырады, яғни ол өзінің «Субъективный фактор и его роль в развитии общества» мақаласында субъективтік факторға мынадай анықтама береді: «...қоғам

дамуында субъективтік фактор – бұл саналы, әлеуметтік-саяси, философиялық, моральдық-құқықтық, эстетикалық және т.б. идеялардың белгілі бір жүйесіне негізделген, нақты көрінісін қоғамдағы үстем таптық қызметінде табатын қоғамдық топтардың қызметі» (Бодаков, 1959: 11). Субъективтік факторды нақты көрінісін қоғамдағы үстем таптық қызметінде табатын қызмет ретінде анықтау қате қорытынды, ол тарихи дамудың заңдылығына сай келмейді. Субъективтік фактор тек бір ғана топтың емес, жалпы адамдардың, әлеуметтік топтардың, бұқараның қызметіне әсер етушілікті білдіреді.

Заң шығармашылығының субъективтік факторларының түсінігі заң шығармашылығына әсер ететін субъектілердің қызметімен байланысты. Сондықтан да ол тиісті шығармашылық қызметке қатысушылардың практикалық қызметінің субъективтік жағын білдіреді. Заң шығармашылығының субъективтік факторлары категориясы тұлғалардың объективтік жағдайларға және қоғам өмірінің тиісті салаларындағы қатынастарға әсер етуінің механизмін байқатады (Исабеков, 2013: 96).

Заңдарды шығару және өзгерту жөніндегі қызметтің сипаты мен бағытын анықтайтын көптеген факторлардың ішінде жеке әлеуметтік топтардың мүдделері мен ықпалы негізгі орынды алады. Олардың заң шығару процесіне әсер етуі заң шығарушыларға түрлі әлеуметтік топтардың мүдделеріндегі өзгешеліктерді ескеруге мүмкіндік береді. Мұндай топтар заң шығармашылығына лоббизм институтының көмегімен ықпал етеді. Лоббизм ағылшын тілінен аударғанда lobby – кулуар, дәліз (коридор) деген мағынаны білдіреді. Лоббизмді азаматтардың, ұйымдардың, түрлі топтардың өздерінің мүдделерін белсенді қорғау жөніндегі қызметі деуге болады. Ол саяси жүйенің ерекше бір институты болып табылады. Мәні бойынша жалпы лоббизм жеке тұлғалар мен қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік органдардың ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша шешімдер қабылдау процесіне әсер ету тетігін білдіреді.

Кейбір ресейлік ғалымдардың анықтауынша лоббизм – бұл жеке тұлғалардың, корпоративтік құрылымдардың (сондай-ақ оларды білдіретін кәсіби лоббистік фирмалар мен қоғамдық ұйымдардың) өздері үшін пайдалы саяси шешімдердің қабылдануына қол жеткізу мақсатында мемлекеттік билік органдарында мүдделерін өткізу жөніндегі процесті білдіретін саяси жүйенің бір институты (Быкова, 2006: 35).

Келесі ғалымдар И.М. Степанов пен Т.Я. Хабриева лоббизмді құқықтық тұрғыда анықтайды. Нақты айтқанда, «Құқықтық мағынада лоббизм – бұл лоббистік қызметке маманданған азаматтардың, азаматтар тобының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың, құқықтық қатынастың өзге де субъектілерінің өздеріне қажетті шешімдерді қабылдауға және өз мүдделерін белсенді қорғауға ықпал ету үшін мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл жасауын реттейтін нормалар жиынтығы» (Степанов, 1999: 385).

Әдетте, лоббистік қызметті жүзеге асырушыларды қысым жасаушы топтар деп те атайды. Осыған орай лоббизмді қысым жасау ретінде анықтайтын көзқарастар бар. Мұндай көзқарасты ұстанушыларды саясаттанушылар арасынан жиі кездестіруге болады. Олардың анықтауынша, «Лоббизм – бұл жеке партиялардың, корпорациялардың, қозғалыстар мен ұйымдардың, жеке адамдардың мүдделеріне жауап беретін заңдардың немесе шешімдердің қабылдануы мақсатында заң шығарушылар мен мемлекеттік шенеуніктерге қысым жасау» (Капесов, 1995: 199). Мұндай қысым жасаушы топтар заңдар шығару арқылы экономикалық және әлеуметтік т.б. мәселелердің өз мүдделерінде шешілуіне мүдделі болады.

Лоббилендіру өзінің заң шығару процесімен шектелген тар мағынасында, заңмен және оған сәйкес қабылданған басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленген заңнамалық актілердің жасалуына, талқылануына және қабылдануына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе күшін жою процесіне әсер ету мақсатындағы қызмет болып табылады.

Сонымен, жоғарыда аталғандарды бір сөзбен түйіндейтін болсақ, жалпы лоббизм түрлі субъектілердің қандай да бір шешімдерді, соның ішінде заңнамалық актілерді қабылдауға әсер ету мүмкіндігін көрсетеді. Нақты заң шығармашылығы саласында лоббизм қандай да бір топтардың (өнеркәсіптік, қаржылық, ұлттық топтардың, саяси ұйымдардың, т.б.) қабылданудағы заң актісіне өз мүдделерін енгізу мақсатында заң шығармашылығына әсер ету жөніндегі қызметін білдіреді. Өткенді қоса, жалпы заң шығармашылығы практикасы заңдардың мәтінінің құралуына ықпал етуші ұйымдардың (субъектілердің) ішінде саяси партиялардың белсенді ықпал етуші топ болып табылатындығын көрсетеді. Олардың заң

шығармашылығына тигізер ықпалын әр кезде де байқауға болады. Кеңес заманы тұсында саяси партия (КП) заң шығармашылығында тіптен басшылық рөлге ие болған еді. Оның әркімге белгілі мысалы: коммунистік партия кеңес заңдарының басым бағыттарын анықтап отырды, коммунистік партия съездері мен КП-ның орталық комитетінің пленумдарының шешімдері кез-келген құқықтық актілердің мазмұнының қалыптасуының негізі болды. Оның дәлелі болып сол тұста жарық көрген «Научные основы советского правотворчества» атты еңбекте көрініс тапқан келесі тұжырым табылады: «Партия социалистік құқықтың дамуының ғылыми және идеялық негізін жасайды, заңдардың және социалистік мемлекеттің өзге құқықтық актілерінің мазмұнының фундаменти болып табылатын шешімдерді қабылдайды» (Халфина, 1981: 107).

Лоббистік қызметтің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуы мәселесінің құқықтық реттелуіне келсек, Қазақстанда тиісті қызметті реттейтін біртұтас акт жоқ. ҚР Үкіметі 2009 жылы 30 желтоқсандағы қаулысымен ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауына «Мүдделік қолдау туралы» Заңның жобасын енгізген болатын. Бұл жоба Мәжілісте ұзақ қаралып, ақыр аяғы 2012 жылы 30 маусымда ҚР Үкіметімен кері қайтарып алынды. Бұл жобада лоббистік қызмет мүдделік қолдау қызметі ретінде анықталып оған келесідей түсініктеме берілген еді: «мүдделік қолдау қызметі – Қазақстан Республикасының Парламентінде жүзеге асырылатын заң жобалау жұмысына қатысу процесінде өз мүдделерін білдіру және жылжыту жөніндегі қызмет» (<http://adilet.zan.kz>, 1 бап).

Лоббизм қазіргі заң шығармашылығы қызметінде заң шығару процесінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде танылады. Жалпы лоббизм бірнеше уақыттан бері саяси, құқықтық өмірдің және заң шығарушылық қызметтің бөлінбес, ажырамас нышаны болып табылады.

Ресейлік ғалым Д.В. Чухвичев Ресейде «лобби» терминінің өзін жалпы қоғамның қолдамайтындығын, оның оң құбылыс ретінде танылмайтындығын, оны заң шығару құрылымдарындағы лас саяси технологиямен, жасырын жүргізілетін лас саяси ойындармен, пара беріп сатып алушылықпен байланыстыратынын көрсете отырып, «қазіргі заманғы көпшілік мемлекеттерде оның (лоббизмнің) заң шығару процесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатындығы фактісін мойындамауға болмайды» – дейді (Чухвичев 2012: 196).

Заң шығармашылығына лоббизмнің тигізетін әсерін, оның проблемаларын ғылыми зерттеу мақсаты болып бұл құбылыстың (лоббированиенің) қоғамдық қажеттілікті қалыптастыру, құру үшін қызмет ететін нысандарын анықтау, бөліп көрсету қажеттігі табылады. Лоббизм заң шығармашылығы қызметінің қатысушылары мен заң шығару процесінде қарастырылып отырған ерекше мүдделерге ие әлеуметтік топтардың арасындағы байланыс құралы ретінде бола алады және болуы тиіс те. Мұндай байланыс заң актілерін жасау мен өзгерту барысында тұрғын халықтың тек кең көлемінің ғана емес, саны бойынша ірі топтардың ғана емес, сондай-ақ мүшелерінің саны салыстырмалы түрде шағын топтардың да мүдделерін ескеру үшін қажет. Біршама мемлекеттердің ішінен лоббизм Америка Құрама Штаттарында неғұрлым жақсы ұйымдастырылған және жүйеленген деп есептеледі. АҚШ лоббизмді реттеудің ең либералдық нысанымен көзге түседі, мақтана алады.

Заң шығармашылығы тәжірибесі заң шығармашылығы барысында лоббистік қызметтің орын алып, дамуы үшін біраз жағдайлардың болуын, қажеттігін көрсетеді:

1) қоғамда өздерінің біріккен ортақ мақсаттарын нормативтік нысанда құрастыруға және өздерінің күш-жігерін жұмылдыруға, мақсаттарын қолданымдағы заңнамада байқату, жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық мүмкіндіктер мен материалдық құралдарды жұмылдыруға қабілетті түрлі топтардың (м/ы саяси, экономикалық, діни, ұлттық, т.б.) болуы;

2) мемлекеттің қоғамның ішінде мүдделердің дифференциациясын тануы және заң шығару қызметінде осы фактіні ескеруге дайын болуы;

3) заң шығармашылығы қызметіне түрлі саяси және әлеуметтік топтардың өкілдерінің қатысу мүмкіндігі, мемлекетте шынайы парламентаризмнің орнығуы (Чухвичев 2012: 197).

Қазіргі көпшілік мемлекеттерде заң шығармашылығында лоббизмнің орын алуы қалыпты жағдай. Лоббизм мемлекеттердің ішінде тек тоталитарлық мемлекеттерге ғана тән емес деп есептеледі. Себебі, мұндай мемлекеттерде түрлі қоғамдық топтардың мүдделерін саралауға және заң шығармашылығында әлеуметтік келісімге шынайы қол жеткізу мүмкіндігі болмайды.

Әлемдік заң шығармашылығы практикасы көрсетіп отырғандай лоббизм алуан түрлі нысандарда байқалады, жүзеге асырылады. Оны жүзеге асырудың амал, әдістерін жіктеу біршама көп. Лоббированиені жүзеге асырудың заң шығару техникасына қандай да бір қатысы

бар техникасы тұрғысынан келесідей әдістерді көрсетуге болады:

1. Материалдық лоббирование (ықпал ету). Бұл заң шығарушыларға мүдделі топтар тарапынан әсер етудің ең кең тараған нысаны ретінде танымал. Ол заң шығармашылығы қызметіне қатысушылардың бойында белгілі бір топтардың мүдделерін қорғауға қатысты материалдық қызығушылықты тудыруды білдіреді.

Әдетте, материалдық ықпал ету (лоббирование) қарапайым сатып алу әрекетімен байланыстырылады – заң шығару қызметінің қатысушыларына қолма-қол ақша беру немесе банк шотына аудару. Алайда, бүгінгі күнде біршама дамыған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді жүйенің қызмет етуі жағдайында, заң шығарушылардың кірістеріне бақылау жасау жағдайында лоббированиенің бұл әдісі күрделі болып табылады және өте сирек кездеседі.

Тікелей материалдық ықпал ету (лоббирование) фактісі көп орын алмағанымен мемлекеттік-саяси өмірде жанама, жасырын материалдық ықпал ету (лоббирование) әдістері жиі қолданылады әрі олардың қолданылу фактісін анықтау біршама күрделі болып табылады.

2. Психологиялық ықпал ету (лоббирование). Психологиялық ықпал етушілік заң шығарушылардың қызметін белгілі бір арнаға бағыттау мақсатында оларға психологиялық қысым көрсетуді білдіреді. Психологиялық ықпал ету (лоббирование) нысандарына мысал ретінде келесілерді көрсетуге болады: жоғары тұрған лауазымды тұлғалардың жолдаулары, бұқаралық ақпарат құралдарында психологиялық қысым жасау компаниясын өткізу, заң шығару процесінің қатысушыларын халықтық белсенділікті байқататын-мыс жазбаша және өзге өтініштерден бас көтертпеу, әзірленіп жатқан заң жобаларына байланысты көше тәртіпсіздіктерін ұйымдастыру, бітпейтін сендіру әрекеттері мен қорқытулар, көпшілік алдында қорлау, т.б.

3. Интеллектуалдық лоббирование (ықпал ету). Ықпал етудің бұл түрі заң шығармашылығы үшін өзінің нәтижесі бойынша ең позитивті болып табылады. Ол заң шығарушыларға интеллектуалдық көмектесуді білдіреді әрі оның мақсаты заң шығарушылардың қызметіне белгілі бір бағыт беру болып табылады. Тиісінше заң шығарушыларға интеллектуалдық ықпал етуді заң шығару техникасын меңгерген немесе қоғамдық қатынастың реттеліп отырған саласында маман болып табылатын тұлғалар жүзеге асырады. Заң шығару қызметінде

интеллектуалдық лоббирование – бұл заң шығармашылығына әсер етудің факторы ғана емес оны тиімді жүзеге асыруға көмек көрсетудің біршама маңызды нысаны да болып есептеледі. Интеллектуалдық ықпал етудің жиі кездесетін нысандарына келесілерді жатқызамыз: заң шығарушылардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша оларға кеңес беру (консультация), дайын балама заң жобасын ұсыну, заң шығарушыларға құқықтық реттеу үшін маңызы бар тәуелсіз зерттеу нәтижелерін ұсыну, комитеттерде талқыланып жатқан заң жобасына талдау беретін баяндамалар жасау, құқықтық реттеу мәселелерін ғылыми өңдеу және заң шығару процесімен айналысатын тұлғалардың назарына тұрғын халықтың көпшілік бөлігінің пікірлерінің мәнін, мағынасын жеткізу, т.с.с.

Айта кететіні материалдық, психологиялық, интеллектуалдық ықпал етудің объектісі болып тек заң шығарушылар (депутаттар) ғана емес, заң жобаларын дайындау және оны қабылдау процесінің кез-келген қатысушысы табылуы мүмкін. Себебі, олардың қызметі заң шығару процесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және оның нәтижесіне мәнді әсер етуі мүмкін.

Қазіргі жағдайда толыққанды, жетік лоббизмді қалыптастыру үшін кәсіби лоббистердің болуы керек, яғни заңнамада өз мүдделерін бекітуді қалаушылар мен заң шығармашылығының тікелей қатысушылары арасындағы кәсіби делдалдардың болуы қажет. Заң шығармашылығы қызметінде кәсіби лоббистер тек делдалдар ретінде ғана емес, кімге және не үшін жолдануды білетін тұлғалар ретінде ғана емес, бастысы нақты нормативтік-құқықтық нысанда абстрактілі әлеуметтік мүдделерді білдіру жөніндегі мамандар ретінде болады. Олар белгілі бір мүдделерді қандай нысанда, қандай нормативтік-құқықтық актіде байқату қажет екендігін анықтайды. Оған қоса, лоббистер нормативтік ережелерде нақты мүдделерді құрастыру, қалыптастыру жөніндегі мамандар ретінде болады. Олар өздерінің қызмет көрсетіп отырған тұлғаларына – мүдделі топтарға заң жобаларының мәтіндік нысанында мүдделерін байқатуына көмектесуі керек. Нақ осы себеп бойынша лоббистер заң шығармашылығының аса маңызды және белсенді қатысушылары ретінде қарастырылады, олардың заң шығару техникасының жүйелі білімдерін меңгеруі қажет етіледі.

Қазіргі заманда негізгі ықпал етушілердің бірі болып әлеуметтік қоғамдық ұйымдар

есептеледі. Олар өздерінің стратегиялық мүдделерін заңнамаға енгізуді қалайды. Көбінесе мұндай топтар ретінде заң шығару барысында өздерінің экономикалық мүдделерін қорғау үшін әрекет ететін қаржылық, өнеркәсіптік және сауда ұйымдары болады. Нақ осы ұйымдар заң шығармашылығын қоса жалпы құқық шығармашылығы процесіне әсер етуді қалайтын тарап болып табылады. М.В. Бятец көрсетіп кеткендей «демократиялық дәстүрлерге бай елдердің өзінде лоббизм меншік мәселелерін шешумен байланысты, нақты бір қызметті жүргізуге құқық берумен, мемлекеттік тапсырыспен, лицензиямен, квотамен, экономикалық және салықтық жеңілдіктер берумен, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландырумен байланысты басым әлеуметтік-экономикалық мақсаттарды көздейді» (Бятец, 1998: 46).

Заң шығару процесі үшін лоббизмнің он сипатының басты шарты болып лоббистердің нақты бір әлеуметтік мүдделерді жүргізушілер ретінде болуы, осы мүдделермен біріккен қоғамның белгілі бір бөлігін білдіруші ретінде болуы табылады. Тиісінше, лоббизм нақты саясаткерлердің жеке мүдделерін емес, белгілі бір әлеуметтік топтың мүдделерін білдіру құралы ретінде болған жағдайда ғана заң шығарушыларға қажет әрі пайдалы болады. Мұндай жағдайда лоббизм қоғамдық мүдделерді білдірудің тағы бір нысаны ретінде, заң шығармашылығының қатысушыларын қоғаммен жақындастырудың құралы ретінде болады. Мұндай жағдайда ол демократиялық дәстүрлерді дамытуға әсер ету, азаматтардың заңнама жүйесін жасауға қатысуға конституциялық құқығын жүзеге асыру құралы болып табылады, – дейді ресейлік ғалым Д.В. Чухвичев (Чухвичев 2012: 202). Расында да, кәсіби лоббизм тұрғын халықтың қандай-да бір тобының көзқарастары туралы объективті ақпаратты заң шығарушыларға жеткізе отырып, заң шығарушылармен қабылданатын шешімдердің ақпараттық базасын кеңейте отырып түрлі топтардың мүдделеріне зор маңыздылық пен өзектілік береді. Демек, лоббизмнің қоғамдық мүддені саралау, мүдделердің ішінен негізгілерін бөліп көрсету, олардың қоғамдық өмір мен дамудағы рөлін анықтау, қандай да бір мүдделердің басымдығы туралы, олардың қоғам үшін үлкен маңыздылығы туралы қорытынды жасау мүмкіндігі лоббистік қызметке ерекше маңыздылық береді, тиісінше оның маңыздылығын көрсетеді.

Лоббирование (ықпал етушілік) заң шығарушыларға алуан түрлі және көбіне бір-біріне

қайшы келетін сан алуан мүдделердің ішінен заң шығармашылығында басымдыққа ие болуы керекті мүддені таңдауға мүмкіндік береді. Кәсіби, дамыған лоббизм қоғамда тепе-теңдікті сақтауға және әртүрлі әлеуметтік топтардың арасында мүдделердің ымыраға келуіне қол жеткізуге ықпал етеді, себепші болады.

Лоббизм институты жоғарыда аталған барлық пайдалы нәтижелерге оны (лоббизмді) жалпы ортақ мүдделермен біріккен әлеуметтік топтар жүзеге асырған жағдайда ғана қол жеткізеді. Сондықтан, мемлекеттің саясаты лоббистік қызметті тиісті топтардың жүзеге асыруына бағытталуы тиіс, сондай-ақ лоббистік қызметті нормативтік-құқықтық реттеу де нақ осы мақсатқа бағытталуы керек. Өкінішке орай, біздің мемлекетімізде лоббизмді құқықтық реттеудің біртұтас нақты жүйесі жоқ. Ол кейбір заң актілерінде жанама түрде орын алған және ол актілер лоббизмнің жалпы құқық шығармашылығына қатысты жеке жағдайларын ғана реттейді. Мысалы, 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» заңды зерделеу нормативтік-құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге, жобаны келісуге және жобаларға ғылыми сараптама жүргізуге тиісті актіні қабылдаушы органнан өзге субъектілер қатысатындығын, сөйтіп құқық (заң) шығарушы субъектілерге өз мүдделерінде шешім қабылдауына әсер ете алатындығын көрсетеді. Нақты айтсақ, тиісті заңның 15 бабында (4 тармақ) көрсетілгендей жалпы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарларын жасаған кезде мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың, оның ішінде ғылыми ұйымдардың ұсыныстары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және өзге де мүдделі тұлғалардың құқықтық мониторинг қорытындылары бойынша дайындалған ұсыныстары ескеріледі.

Республика Конституциясы бойынша Парламентке заң жобаларын енгізуші субъектілер ретінде ҚР Президенті, ҚР Үкіметі және ҚР Парламенті депутаттары танылғанымен, «Құқықтық актілер туралы» заңда заң жобаларын әзірлеушілер ретінде субъектілердің кең тобы қарастырылған. Атап айтсақ, Президенттің заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыруы жағдайында заң жобаларын әзірлеушілері болып Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар мен азаматтар болуы мүмкін. Ал, ҚР Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері

болып орталық мемлекеттік органдар табылады. ҚР Парламент депутаттары енгізетін заң жобаларының әзірлеушілері болып Парламенті депутаттары табылады (<http://adilet.zan.kz>, 17 бап). Байқап отырғанымыздай, ҚР Президенті мен ҚР Үкіметі енгізетін заңнамалық актілердің, яғни Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңның, конституциялық заңның, кодекстердің, шоғырландырылған заң мен жай заңның, ҚР Парламентінің, оны палаталарының қаулыларының жобаларын әзірлеуші субъектілер шегі өте кең. Тек заң шығару бастамасы құқығын Парламент депутаттары жүзеге асыратын жағдайда ғана заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері ретінде депутаттардың өздері болады.

Республикамызда заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға әртүрлі білім салаларының мамандары, ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлер тартылуы мүмкін. Ол заң актісінің жобасын әзірлеуші органның қарауына байланысты. Нақтырақ тоқталсақ, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, әзірлеуші орган нормативтік құқықтық актінің жобасын дайындауды біріншіден, өзіне ведомстволық бағынысты органдар мен ұйымдарға тапсыра алады; екіншіден, бөлінген бюджет қаражаты мен гранттарды осы мақсаттарға пайдалана отырып, оны дайындауды шарттық негізде мамандарға, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне, ғылыми мекемелерге, жекелеген ғалымдар мен ұжымдарға, оның ішінде шетелдіктерге, тиісті салалардағы сарапшыларға тапсыра алады. Сонымен қатар, заңдардың жобаларын дайындауға әртүрлі білім салаларының мамандары, ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылуы мүмкін (<http://adilet.zan.kz>, 18 бап). Бұл аталғандардан бөлек, «Құқықтық актілер туралы» заңның 20 бабында қарастырылғандай заң актілерін қоса жалпы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын (азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты) әзірлеу процесіне коммерциялық емес ұйымдар және азаматтар тартылуы әбден мүмкін жағдай. Бұл ретте тиісті процеске коммерциялық емес ұйымдар және азаматтарды тарту мақсатында қоғамдық кеңестер құрылады.

Аталмыш заңның 18, 30, 31, 21 баптары балама жобалар дайындауды (әзірлеуді) бірнеше мемлекеттік органдар мен ұйымдар немесе

шарттық негізде, оның ішінде конкурс бойынша ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ғылыми мекемелер, ғалымдар жүргізетінін; актілер бойынша ғылыми сараптаманы (құқықтық, лингвистикалық, экологиялық, экономикалық және басқа да) тиісті бейіндегі ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары, ғалымдар мен мамандар (оның ішінде шет мемлекеттерден және халықаралық ұйымдардан мамандар да), шетелдік және халықаралық ұйымдар жүргізе алатынын және актінің жобасын мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға келісуге жіберілгенде тиісті органдар мен ұйымдардың жобаға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын дайындайтынын бекітеді. Олай болса, бұл ережелер заң жобаларын дайындау барысында-ақ белгілі бір шамада лоббистік қызметтің жүзеге асатындығын, қандай да бір субъектілердің депутаттарға заң жобасына қатысты дауыс беруіне немесе белгілі бір шешімге келуіне ықпал ету мүмкіндігін иеленетіндігін көрсетеді. Әдетте, лоббистік қызметті жүзеге асырушыларды қысым білдіруші топтар деп те атайды. Мұндай топтар заңдар шығару арқылы экономикалық және әлеуметтік, т.б. мәселелердің өз мүдделерінде шешілуіне мүдделі болады.

Заң шығармашылығы қызметінде лоббирование – бұл Парламентте белгілі бір мәселелерді шешуге, заңдастыруға және өз мүдделерін өткізуге бағытталған кәсіби қызмет. Оны атқарушы лоббистердің мәртебесі, оны жүзеге асыру жолдары мен тәртібі, амал-әдістері, пәні туралы мәселелер заңнамамен реттелуі керек. Жоғарыда атап кеткеніміздей, лоббизм заң шығармашылығы үшін пайдалы нәтижелерді оны жалпы ортақ мүдделермен біріккен әлеуметтік топтар жүзеге асырған жағдайда ғана береді. Тиісінше, лоббистік қызметті құқықтық реттеу нақ осы мақсатқа бағытталуы тиіс.

Лоббистік қызметті жүйелі реттейтін заңнаманың болмауы заң шығарушыларға лоббизмнің өз қызметіне оң (позитивті) әсер етуі үшін оны дұрыс ұйымдастырылған түрде пайдалануына мүмкіндік бермейді әрі лобби (ықпал ету) институтын криминалдандыру, оны қылмыстық құрылымдардың пайдалануы үшін мүмкіндік тудырады. Лоббистік қызметті криминалдандыру жеке саяси авантюристердің нормативтік-құқықтық актілерде өзіндік, әдетте қоғамға қарсы мүдделерінің көрініс табуын іске асыра отырып заң шығармашылығына әсер етуіне мүмкіндік береді. Сонымен қоса, лоббистік қызметті жүйелі реттеудің болмауы қабылданудағы заң актілерінде қылмыстық,

қоғам үшін зиянды мүдделердің, мысалға алсақ сол қылмыстық құрылымдардың мүдделерінің көрініс табуына мүмкіндік береді, жол ашады. Сондықтан, лоббистік қызметті жүйелі құқықтық реттеу қажет деп есептеледі, себебі ол тиісті қызметтің заң шығармашылығы үшін пайдалы болуының кепілі болып табылады.

Біздің мемлекетімізде заң шығармашылығына ықпал ететін мұндай көп қырлы факторды – лоббистік қызметті реттеуге шетелдік тәжірибені ескере отырып өте ұқыптылықпен қарау керек және оны реттейтін заңнаманы қабылдау тек кері нәтижелерге соқтырады деп негізсіз күмәндануға болмайды. Лоббистік қызметті реттеудің біздің мемлекетіміз үшін оң нәтиже беруі мүмкіндігін кезінде Мұхтар Құл-Мұхаммед былай негіздеген еді: «біріншіден, лоббирование мемлекет пен азамат (олардың бірлестігі) арасында делдалдық қызмет атқаратын болады. Олар өздерінің заңды мүдделерін мемлекеттік органдардың назарына жеткізу мүмкіндігіне ие болады; екіншіден, лоббирование құқықтық реттеу мемлекеттік органдарға құқық шығармашылығы процесінде ескерілуі мүмкін әртүрлі саяси-құқықтық пікірлерді ұсына отырып, саяси плюрализмді жүзеге асыруға ықпал етеді; үшіншіден, лоббирование заңды негіздеу Парламентте, Үкіметте, өзге мемлекеттік органдарда халық өкілдігінің конституциялық жүйесін толықтырады (шешімдерді дайындау мен қабылдауға лоббистер түрлі топтардың атынан қатыса алады); төртіншіден, заңды лоббизм белгілі бір дәрежеде жемқорлық, парақорлық, өзге де қызмет бабын пайдалану түрлерін шектеуге мүмкіндік береді; бесіншіден, лоббирование азаматтардың саяси және құқықтық санасының, мәдениетінің дамуына ықпал ететін болады» (Мухтар Кул-Мухаммед, 2000: 2-3).

Лоббистік қызметті ұйымдастыру мен оны жүзеге асыру сәтті реттелген жағдайда қоғам мен заң шығару процесін демократиялану дәрежесі жоғарылап, құқықтық актілер қабылдауға әсер етуге мүмкіндік беретін механизмдер орнығады, әлеуметтік маңызы бар, қоғамға қажетті мүдделерді қорғауда лоббистің жеке жауаптылығы, сенімділігі артады, мемлекет мүдделері мен лоббист мүдделері объективті сәйкес келетін болады деп айтуға болады. Оған қоса, лоббизм заң шығармашылығының субъективтік факторының бірі бола отырып қоғамдық пікірдің қалыптасуына септігін тигізеді. Нақты айтсақ, лоббистер тиісті қызметті жүзеге асыру барысында ақпарат құралдары арқылы түрлі шаралар, оның ішінде шулы шаралар да

өткізіп отыруы мүмкін. Өз кезегінде ондай шаралар қоғамдық пікірді қалыптастырудың негізгі бір жолы болып табылады. Ал, қоғамдық пікірді заң шығармашылығын қоса қандай қызметте болмасын ескерусіз, елеусіз қалдыруға болмайды. Олай болса, дұрыс ұйымдастырылған, жетік реттелген лоббизм заң шығармашылығының демократиялануының деңгейін көтереді, біраз қылмыстық әрекеттерге ауыздық болады, азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін дамытады, заң шығармашылығының тиімділігін арттырады.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, заң шығармашылығына мәнді түрде ықпал ететін лоббизм институтын құқықтық реттеуде шетелдік тәжірибені ескерген жөн. Біраз шетелдік ғылыми теория мен практиканы зерделеу лоббизмнің ірі шет мемлекеттердің өзінде біркелкі, бірдей емес, өзіндік ерекшелікпен реттеліп, түрліше қолданылатынын көрсетеді. Сондықтан, бұл институттың шетелдік тәжірибесін ескергеннің өзінде оған мұқият қарап, оның оң, тиімді тұстарын алу керек. АҚШ-та лоббизм заң шығару процесінің басталуының негізі ретінде біраз уақыттан бері қолданылуда. Онда қандай да бір заң актісінің Конгрессте қабылданылуына немесе қабылданбауына әсер ету мақсаты бар қызметпен ақылы негізде айналысатын кез-келген тұлға аталған мақсаттарға жетуге қатысты қандай да бір әрекеттерге кіріспес бұрын Сенатта және Өкілдер Палатасында тіркелуі тиіс. Олар тіркелуі үшін жазбаша арыз тапсыруы керек. Онда тіркелген тұлғаның және оны жалдап отырған тұлғаның тегі мен мекен жайы, жалдау мерзімі, ақы көлемі, шығынға бөлінген қаражаттардың көлемі мен мақсаттары көрсетіледі. Бұл мемлекетте лоббистер квартал сайын белгіленген мақсатқа алынған және жұмсалған қаражаттар туралы есеп беріп отыруға міндетті. Өкілдер палатасының клеркі және Сенат хатшысы есептерді жинақтап қорытады және ол туралы ақпаратты «Конгресстің есептерінде» жариялайды (Страшун, 1996: 464-465). АҚШ-та лоббисттердің заң жобасына қатысты мүдделерін Конгрессте өткізумен байланысты шығыстарды жасырып қалуға құқығы жоқ, себебі, бұл шығыстарға үлкен салықтар салынады. Ал, Францияда керісінше жағдайда байқауға болады. Онда шынайы лоббизм үшін аз мүмкіндіктер берілген әрі ол неғұрлым қатандығымен ерекшеленеді. Тиісінше заң шығармашылығының француздық үлгісі халық пен заң шығарушылар арасындағы байланыстың төмен деңгейімен, заң шығарушылардың өмірлік

шынайылықтан алыстығымен және қоғамдық қатынастардағы өзгерістерге жедел, дұрыс көңіл бөлуге деген қабілетсіздігімен сипатталады (Чухвичев 2012: 204).

Заң шығармашылығына қозғау салатын, заңның мәтінінің қалыптасуына және қабылдануына әсер ететін фактор ретінде лоббизм – бұл заң жобаларына қатысты ортақ келісімге келуге қол жеткізетін, ортақ мүддені көтеріп, мемлекет өмірінде демократиялық қағидаларды тереңдету мен кеңейтуге ықпал ететін ықпалды құрал.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде лобби заң шығармашылығының ажырамас, өте маңызды институты болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Қазақстанда лоббистік қызметті құқықтық реттеудің өзіндік, тиімді жүйесін жасау үшін, атап кеткеніміздей озық шетелдік тәжірибені ескере отырып лоббистік қызметтің мақсатын, оның мүмкін болатын әдістері мен нысандарын анықтап алу қажет. Лоббизм қоғам мен заң шығару процесінің қатысушылары арасындағы байла-

нысты қамтамасыз ететін, заң шығармашылығы үшін тиімді, позитивті фактор болуы мүмкін.

Заң шығармашылығы қызметін жүзеге асыруда халық өкілдеріне зор міндет жүктеледі. БҚпал етуші топтардың (лоббисттердің) заң шығармашылығына әсер ету қатынастары реттелген тұста да заңның сапасы үшін жауапты депутаттардың берері хақ. Қай кезде болмасын депутаттар заңдар шығаруда қоғамның белгілі бір тобының ғана қамын, мүддесін қорғамауы керектігін, заңның жалпы халыққа қатысты болуы тиістілігін есте ұстауы қажет. Себебі, лоббизмнің пәні болып отырған мәселе тұтастай мемлекеттің, қоғамның мүдделеріне сәйкес келмеуі де мүмкін. Сондықтан депутаттар биліктің бірден-бір бастауы ретінде жалпы халықтың еркіне қарсы келмеуі, яғни қандай да болмасын ықпал етуші субъектілердің (лоббисттердің) айтқанына, ықпалына көне бермеуі керек. Олар әрқашанда мемлекеттің, қоғамның мүддесін жеке топтардың мүддесінен жоғары қоюы тиіс. Бұл – заман талабы.

Әдебиеттер

- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Қазақ ССР «Ғылым» баспасы. – Алматы, 1983. – Т. 10. – 412 б.
- Чухвичев Д.В. Законодательная техника. – Второе издание. – М.: Юнити-Дана. Закон и право, 2012. – 415 с.
- Зуев И.Е. Ленинизм о соотношении объективного и субъективного в познании и практической деятельности. Ученые записки. – Смоленск, 1966. – 284 с.
- Каммари Д.М. В.И. Ленин о роли субъективного фактора в истории // Вопросы философии. – 1956. – №2. – 6-12 с. Тезисы докладов конференции молодых ученых. Серия общественных наук (АН БССР). – Минск, 1959. – 187 с.
- Бятец М.В. Лоббизм в правотворческой деятельности // Правоведение, 1998. №1, 44-49 с.
- Чагин Б.А. Субъективный фактор. Структура и закономерности. – М.: Мысль, 1968 – 218 с.
- Формирование системы цивилизованного лоббизма в России: GR и проблемы эффективности взаимодействия общества и власти / Под ред. В.И. Быкова, Л.Н. Галенской, Л.В. Сморгунова. – Санкт-Петербург, Россия-Нева, 2006. – 206 с.
- Парламентское право России: учебное пособие / Под ред. И.М. Степанова, Т.Я. Хабриевой. – М.: Юристъ, 1999. – 392 с.
- Основы политологии. Курс лекции / Под ред. Н.К. Капесова. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 207 с.
- Научные основы советского правотворчества / Отв. ред. Р.О. Халфина. – М.: Наука, 1981. – 317 с.
- Заң шығару қызметі: оқу құралы / А.К. Исабеков, А.Ж. Жарболова, Д.О. Кусаинов, Г.Д. Тайгамитов. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 170 б.
- «Мүдделік қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2246 Қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090002246>
- «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
- Мухтар Кул-Мухаммед. Нужен ли закон «О лоббировании» // Юридическая газета, 2000. – 26 апреля
- Конституционное (государственное) право зарубежных стран. Общая часть / Отв. ред. Б.А. Страшун. – М.: изд. БЕК, 1996. – 778 с.

References

- Qazaq tylyny tyсындаirme sozdygy. Qazaq SSR «Fylym» baspasy. Almaty, T.10, 1983.
- D.V.Chuhvichev. Zakonodatel'naja tehnika. Vtoroe izdanie. – M: Juniti-Dana. Zakon i pravo, 2012 – 415 s.
- I.E. Zuev. Leninizm o sootnoshenii ob'ektivnogo i sub'ektivnogo v poznanii i prakticheskoy deyatel'nosti. Uchenye zapiski. Smolensk. 1966. – 284 s.
- D.M. Kamhari. V.I. Lenin o roli sub'ektivnogo faktora v istorii // Voprosy filosofii. – 1956. – №2. – 6-12 s. Tezisy dokladov konferencii molodyh uchenyh. Seriya obshchestvennyh nauk (AN BSSR), Minsk, 1959. – 187 s.

- M.V.Byatec, Lobbizm v pravotvorcheskoj deyatel'nosti // Pravovedenie, 1998. №1, 44-49 s.
- B.A. Chagin. Sub»ektivnyj faktor. Struktura i zakonomernosti. M., Mysl'. 1968 – 218 s.
- Formirovanie sistemy civilizovannogo lobbizma v Rossii: GR i problemy jeffektivnosti vzaimodejstvija obshhestva i vlasti / Pod red. V.I. Bykova, L.N. Galenskoj, L.V. Smorgunova. – SPb.: SKF «Rossija-Neva», 2006.
- Parlamentskoe pravo Rossii: Uchebnoe posobie/Pod red. I.M.Stepanova, T.YA.Habrievoj. M:Yurist, 1999. – 392 s.
- Osnovy politologii. Kurs lekcii / Pod red. N.K.Kapesova. Almaty: ZHeti zharry, 1995. – 207 s.
- Nauchnye osnovy sovetskogo pravotvorchestva / Otv. red R.O.Halfina. M: Nauka, 1981. – 317 s.
- Zan shygaru qyzmeti: oqu quraly / A.K.Isabekov, A.Zh.Zharbolova, D.O.Kusainov, G.D.Tajgamitov. – Almaty: Qazaq universiteti, 2013. – 170 b.
- «Muddelyk qoldau turaly» Qazaqstan Respublikasy Zanyryn zhubasy turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetyryn 2009 zhylygy 30 zheltoqsandagy № 2246 Qaulysy // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090002246_
- «Quqyqtyq aktyler turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2016 zhylygy 6 sauyrdegy № 480-V QRZ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
- Muhtar Kul-Muhammed. Nuzhen li zakon o lobbirovanii. // Juridicheskaja gazeta, 26.04.2000.
- Konstitucionnoe (gosudarstvennoe) pravo zarubezhnyh stran. Obshhaja chast'. Otv. red. B.A.Strashun. M., izd. BEK, 1996. – 778 s.